

КӨЛІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

LRT ЖОБАСЫ: АСТАНА-ҚОСШЫ АРАСЫН ЖАҚЫНДАТА ТҮСУ МАҢЫЗДЫ



Фото әкімдіктің баспасөз қызметінен алынды

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышевтің төрағалығымен «City Transportation Systems» компаниясы өкілдерімен бірлескен кеңес өтті. Онда Астанадан Қосшы қаласына дейінгі LRT (жеңіл рельсті көлік) желісін салу мәселесі қаралды.

Егер бұл жоба іске асатын болса, қала халқының елордаға қатынауы жеңілдеп, жол-көлік жүктемесінің едәуір азаятыны сөзсіз. Сондықтан көтерілген бастама шын мәнінде қос қала ортасында күнделікті жүретін мыңдаған қосшылық тұрғын үшін маңызды болып тұр.

Жалпы, көлік инфрақұрылымын дамыту – қаланың стратегиялық басымдықтарының бірі. LRT желісінің іске қосылуы қала халқының жолға кететін уақытын қысқар-

тып, жолаушыларға қолайлы әрі заманауи қарым-қатынас түрін ұсынбақ. Сонымен қатар, бұл бастама көлік ағынын азайтып, автожолдардағы жүктемені едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Кеңес барысында тараптар жобаның техникалық және қаржылық мәселелерін талқылап, оны іске асыру кезеңдері бойынша ұсыныстар жасады. Қалалық әкімдік пен компания өкілдері ынтымақтастықты нығайтып, тұрғындар үшін қолайлы шешім-

дерді табуға мүдделілік танытты.

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев LRT желісін салу Қосшының әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретінін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа көлік инфрақұрылымы тек тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, қаланың инвестициялық тартымдылығын да күшейтеді.

Өз тілшімізден

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

САРҚЫРАМА ӨЗЕНІНІҢ «ТЫНЫСЫ КЕҢІП» ҚАЛДЫ

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологтар ассоциациясымен бірлесіп, бүкіл ел аумағы бойынша «Таза Қазақстан» республикалық акциясы және халықаралық World Cleanup Day бастамасы аясындағы кең ауқымды сенбілікті қолға алғаны мәлім. Бұл игі шара Қосшы қаласында да жалғасын тапты.

«Адал адам – адал еңбек – адал табыс» ұранымен өткен сенбіліктің негізгі мақсаты – қаланың санитарлық жағдайын жақсарту, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен қалдықтарды бөлек жинау мәселесіне қоғам назарын аудару.



Фото: азаматтық белсенділік қызметінен алынды

ӨНІР ДАМУЫ

ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ МЕН ДАМУ ЖОСПАРЫ

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА
ҚАЛА ТІРШІЛІГІНІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОЗҒАЛДЫ

Мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков ашқан кезекті сессияға қала әкімі Азамат Қапышев, мемлекеттік мекемелердің басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері, қала ардагерлері және БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібіне сәйкес қала әкіміне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі қаралды.

Қала әкімі Азамат Есімұлы Қосшы қаласының дамуы туралы баяндамасында түрлі сала бойынша атқарылған іс-шаралар жайлы мәлімет беріп, жыл басынан бері жасалған жұмыстардың қорытындысын шығарды. Жас қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымды жетілдіру, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, газдандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанының куәсі болдық.

3

ЗАМАНДАС

ӨМІРДІ СҮЮ – ӨЗІНДІ СҮЮДЕН БАСТАЛАДЫ

Қосшы қаласында Отбасы күніне арналған апталық аясында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастарға арналған семинар-тренинг өтті.

Кездесу барысында қатысушыларға өмірге деген құштарлықты арттыру, қиындықтарды еңсеру жолдары, өз ойын ашық жеткізу әдістері мен өмірлік құндылықтарды бағалау тақырыптарында маңызды мағлұмат берілді.

Семинар-тренингке Қосшы қаласы полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Гүлден Нұрғалиева және психолог, психотерапевт Әсем Қайратқызы арнайы шақырылды. Спикерлер жастармен ашық пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісіп, өмірлік кеңестерін жеткізді.

Шара соңында қонақтар:

– Бұл шаралар жастар үшін өте пайдалы. Осындай кездесулер олардың өзін-өзі тануына, алға қадам басыуына үлкен көмек болады, – деп өз ойларымен бөлісті.

Жастар ресурстық орталығы алдағы уақытта да осындай мазмұнды семинарлар мен тренингтерді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Лаура Тарғынова, ЖРО маманы

4

ҚҰТТЫҚТАУ!

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР,
ҚАДІРЛІ ЕҢБЕК АЗАМАТТАРЫ!

«Еңбек күні» мерекесі құтты болсын!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі». Шын мәнінде, адал еңбек – бүкіл жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті.

Еңбек – адам өмірінің мәні, қоғам дамуының негізгі тірегі. Бұл мереке – мемлекетіміздің тұрақты дамуына жасампаз ісімен үлес қосып келе жатқан нағыз еңбекқор жандарды ұлықтауға арналған ерекше күн. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз туған елдің жарқын болашағын қалыптастырып, отаншылдықтың озық үлгісін көрсетіп келеді.

Қосшы қаласының дамуы да сіздердің маңдай терлеріңіз бен табанды істеріңіздің арқасында жүзеге асуда. Әрбіріңіздің күнделікті атқарып жүрген еңбектеріңіз – қаламыздың өркендеуіне қосылған зор үлес.

Баршаңызды осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеп, еңбек-



теріңіздің жемісі жағымды болсын деймін. Еңбектеріңіз әрдайым еленіп, қоғамда қадірлі болып қала берсін!

Құрметпен, Қосшы қаласының әкімі
Азамат Есімұлы

ЖАРНАМА

«СТРОЙМАТ 2030» ЖШС, БСН 160840013913 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Алматы ауданы, Толстой көшесі, 22А. Тел.: 8-701-364-26-09.

ТОО «СТРОЙМАТ 2030» БИН 160840013913 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Толстого, д.22А. Тел.: 8-701-364-26-09.

«Твой день» ЖШС, БСН 110540016730 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 17. Тел.: 8-701-364-26-09.

ТОО «Твой день» БИН 110540016730 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, пр. Туран, д.17. Тел.: 8-701-364-26-09.

«ASAUBAI» ЖШС, БСН 190940011590 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Есіл ауданы, Алматы көшесі, 13. Тел.: 8-776-844-84-37.

ТОО «ASAUBAI» БИН 190940011590 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Алматы, д.13. Тел.: 8-776-844-84-37.

«скалка.кз» ЖШС, БСН 250340015148 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17ф, кв. 82. Тел.: 8-776-844-84-37.

ТОО «скалка.кз» БИН 250340015148 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Сығанақ, д.17ф, кв.82. Тел.: 8-776-844-84-37.

«Green Line Qaz» ЖШС, БСН 180140003002 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 1, кв. 14. Тел.: 8-775-603-96-21.

ТОО «Green Line Qaz» БИН 180140003002 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул. Сәкен Сейфуллин, д.1, кв.14. Тел.: 8-775-603-96-21.

«Спектр-СТ» ЖШС, БСН 141040026707 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай обл., Қостанай қ., Баймағамбетова көшесі, 232. Тел.: 8-747-176-33-85.

ТОО «Спектр-СТ» БИН 141040026707 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл., г. Костанай, ул. Баймағамбетова, д.232. Тел.: 8-747-176-33-85.

«Стартапер.кз» ЖШС, БСН 130540006805 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 3, оф. 502. Тел.: 8-776-844-84-37.

ТОО «Стартапер.кз» БИН 130540006805 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Ахмет Байтұрсынұлы, д.3, офис 502. Тел.: 8-776-844-84-37.

«CybriX» ЖШС, БСН 240940002245 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Нұра ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 44, кв. 4. Тел.: 8-776-844-84-37.

ТОО «CybriX» БИН 240940002245 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Керей Жәнібек хандар, д.44, кв.4. Тел.: 8-776-844-84-37.

«БСТ-2030» ЖШС, БСН 130340003655 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Алматы ауданы, Мирзоян көшесі, 17/1. Тел.: 8-747-657-58-87.

ТОО «БСТ-2030» БИН 130340003655 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Мирзояна, д.17/1. Тел.: 8-747-657-58-87.

«DENIZ CEYLAN» (ДЕНИЗ ДЖЕЙЛАН) ЖШС, БСН 200640011395 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 4. Тел.: 8-702-411-04-49.

ТОО «DENIZ CEYLAN» (ДЕНИЗ ДЖЕЙЛАН) БИН 200640011395 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, ул. Кенесары, д.4. Тел.: 8-702-411-04-49.

«QUI» ЖШС, БСН 221040013732 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай обл., Бородулихин ауданы, Новодворов с/о, Ивановка ауылы, 1 мамыр көшесі, 83-уч. Тел.: 8-701-260-90-56.

ТОО «QUI» БИН 221040013732 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: обл. Абай, Бородулихинский р-н, Новодворовский с/о, с. Ивановка, ул. 1 мая, участок 83. Тел.: 8-701-260-90-56.

«Shavermania» ЖШС, БСН 210840013122 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Бостандық ауданы, Сатпаев көшесі, 74, кв. 166. Тел.: 8-701-260-90-56.

ТОО «Shavermania» БИН 210840013122 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Бостандыкский р-н, ул. Сатпаева, д.74, кв.166. Тел.: 8-701-260-90-56.

«Сункар Секьюрити» ЖШС, БСН 190840013552 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай обл., Қостанай қ., Г. Каирбеков көшесі, 459. Тел.: 8-701-260-90-56.

ТОО «Сункар Секьюрити» БИН 190840013552 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл., г. Костанай, ул. Г. Каирбекова, д.459. Тел.: 8-701-260-90-56.

«ГЕРА и Ко» ЖШС, БСН 180240030935 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Республика даңғылы, 5. Тел.: 8-747-182-28-72.

ТОО «ГЕРА и Ко» БИН 180240030935 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, пр. Республики, д.5. Тел.: 8-747-182-28-72.

«DENIZ CEYLAN» (ДЕНИЗ ДЖЕЙЛАН) ЖШС, БСН 200640011395 — жоғалған мөрді жарамсыз деп есептеу. Тел.: 8-702-411-04-49.

ТОО «DENIZ CEYLAN» (ДЕНИЗ ДЖЕЙЛАН) БИН 200640011395 — утерянную печать считать недействительной. Тел.: 8-702-411-04-49.

ӨНІР ДАМУЫ

ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ МЕН ДАМУ ЖОСПАРЫ

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА ҚАЛА ТІРШІЛІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОЗҒАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Әкім әуелі газдандыру ісінің қарқынды жүргізіліп, бірінші кезеңнің толық аяқталғанын тілге тиек етті. Нәтижесінде 79 көшедегі 31 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қол жеткізетін болды. Қалаға газ тарту былтыр мамыр айында басталып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Жобаның екінші кезеңі 2026 жылдың II тоқсанында аяқталып, 50-ден астам көше тұрғынына газ жіберілмек. Ал үшінші кезең аясында келесі жылдың III тоқсанында қаланың 11 мың тұрғыны көгілдір отынмен қамтылатын болады. Газдандырудың игілігін Тайтөбе ауылының тұрғындары да көретін сәт алыс емес. Ауыл бойынша биыл 11 шақырым желі салынған.

Ішкі орамдық электр желілерін дамыту және жаңғырту жалғасуда: 1-іске қосу кешенінің желілері «АРЭК» балансына берілуде. 2-кешен бойынша жұмысы аяқталмаған желілер сот шешімімен коммуналдық меншікке өтті. Электр желілерін жөндеуге биыл 250 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жөндеу жүргізіліп жатыр.

Енді қаланың оңтүстік аумағын қамтитын (19-20 шағын аудан) 4-кезек жұмыстары басталды. Мердігер мекеме – «ИНСЕКТ». Құрылыс жұмыстары екі жылға жоспарланған. Сонымен қатар, биыл «Лесная поляна» тұрғын алабындағы 17 көпқабатты үйді тұрақты жарыққа қосу жобасы аяқталуға жақында.

Сондай-ақ Нижне-Романовка тоғанынан қалаға тәулігіне 10 мың м³ су тарта алатын құрылыс жұмыстарын жүргізу ісі жер пайдалану мәселесіне байланысты кешігуде. Бүгінде 4-кезектің құрылысы жалғасуда, жобаның қуаты 3 мың тұтынушыны ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жоба 2025 жылдың соңына дейін толық аяқталады. Бас жоспарға сәйкес, 5-ші кезекке жобалық құжаттама дайындалуда. Сондай-ақ жыл соңына дейін Тайтөбе ауылының тұрғындары да орталықтандырылған ауызсуға қол жеткізеді.

Қазіргі уақытта Бас жоспарға сәйкес Қосшы қаласында кәріз жүйесін салу жобасы дайындалып жатыр. Бұл нысан агромерация жоспарына енгізілді. Сонымен қатар Қосшы қаласының ішкі кәріз желілерінің қуатын арттыру мақсатында жеке жоба әзірленіп, ол мемлекеттік сараптамаға ұсынылды. Аталған

жұмыстарды қаржыландыру мүмкіндіктеріне қарай келесі жылы бастау жоспарланған.

Қаладағы орталық қазандықтың резервтік электр желісі салынды. Қазандықтың қазіргі қуаты – 36-38 Гкал, ал тапшылық көлемі – 7 Гкал. Жергілікті өңірдің дамуына байланысты оның қуатын 160 Гкал-ға дейін арттыру жобасы әзірленіп, оны да келесі жылы жүзеге асыру жоспарланған.

Одан бөлек, 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысы да тілге тиек етілді. Бұл жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілуде. Қазір әзірлік деңгейі – 98 пайыз. Биыл облыстық бюджет есебінен 296 млн теңгеге жөндеу жұмыстары атқарылды. Сондай-ақ алдын ала дайындық мақсатында жылдың басында 108 млн теңгеге көмір сатып алу бойынша келісімшарт жасалды. Қалалық емхана, «Даймонд Парк», «Ынтымақ» және «Табыс Құрылтай» тұрғын үй кешендерінде қысқы жылу беру маусымына қазандықтарды дайындау жүргізіліп жатыр.

Биыл 3 балалар ойын алаңы мен бір футбол алаңы салынып (Ұлы дала, Жамбыл Жабаев көшесінде, «Орион» ТК аумағында), пайдалануға берілді. Сондай-ақ 2 сквердің құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Тағы бір айта кетерлігі, «SAF-2023» компаниясы келісімшартты орындамағандықтан шарт бұзылып, 1 наурыздан бастап «Олжа Капитал Групп» қызмет көрсетуде.

Биыл Қосшы қаласының жолдарын салу және жөндеуге 5,6 млрд теңге бөлінді. Қазір төрт ірі жоба іске асуда. Соның ішінде қалаішілік 12 көшенің құрылысы жүріп жатыр (7,5 км). Сондай-ақ Қоғамдық мәдениет-спорт кешеніне кірмежол салынды. Одан бөлек, Республика көшесі мен тұрғын үй алаптарындағы жолдар ретке келтірілуде, қиыршықтас төселуде.

Жол қауіпсіздігін арттыру үшін соңғы жылдары 12 бағдаршам, 676 жол белгісі орнатылды. Биыл тағы 2 бағдаршам қойылып, электр желісіне қосу жұмыстары атқарылуда. Қысқы жазғы жол күтіміне 700 млн теңге жұмсалып, қар, көше тазалау, аялдамаларды күтіп ұстау жұмыстары атқарылуда.

2025 жылдың ішінде айында қоғамдық кеңестің сұрауы бойынша Қосшы қаласында 15 аялдама орнату үшін қала бюджетінен 27 млн теңге бөлінді. Алайда бір аялдаманың нарықтағы құны 2,5-3 млн теңгеден жоғары бағаланғандықтан, конкурс өтпеді.



Тұрғындардың сұрауы бойынша жылы аялдамалар орнату қажеттілігі туындаған болатын. Қазір Қосшыда екі жылы аялдама орнатуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Жоспарға сәйкес, бұл аялдамалар Ұлы дала көшесінің түбінен және Республика көшесі бойындағы Халыққа қызмет көрсету орталығының алдынан орнатылмақ.

Қала басшысы электр, су, жылу, жол салу және абаттандыру салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы толымды мәлімет берді. Дегенмен түйткілді түйіндер де жоқ емес. Ауызсудың тапшылығы, тазарту нысандарының құрылысын қайта жаңарту және орталық қазандық қуатын арттыру сияқты қала тіршілігі үшін аса маңызды мәселелер де бар. Бұл бағыттағы жұмыстар бекітілген жоспарларға сәйкес жалғасуда.

Азамат Есімұлының айтуынша, қыркүйек айындағы көрсеткіш бойынша қала аумағында салық түсімі жоспардан 21,1% артық орындалып, 3,95 млрд теңгеге жеткен. Ал инвестициялық жобалардың нәтижесінде 600-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылған. Қазір қалада 4 мыңнан аса кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп тұр.

Естеріңізде болса, ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 11 ақпандағы №60 қаулысымен Қосшы қаласының 2038 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілген болатын. Аталған құжат қаланың

ұзақ мерзімді дамуының негізгі бағыттарын айқындап, инженерлік инфрақұрылым, құрылыс саласындағы жобаларды жүйелі түрде іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе әлеуметтік сала мен инфрақұрылым нысандарының көптеп бой көтеруіне жол ашты. Қазір қаламызда тәулігіне 1000 адам қабылдауға мүмкіндігі бар 350 орындық көпбейінді аурухана мен емхана салынып жатыр. Жоба бойынша 2025 жылы емхана, ал 2026 жылы аурухананың құрылысы аяқталғаннан соң, тұрғындарға диагностикадан бастап, күрделі операцияларға дейін заманауи медициналық қызмет көрсетіледі деп күтілуде.

Бұдан өзге, жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек саласындағы тиімді жұмыстар, білім беру, мәдениет, спорт, дін және ішкі саясат саласы бойынша көрсетілген нәтижелі қызмет түрлері бойынша нақты мәліметтер айтылды.

Отырыс аясында мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, қаламыздың ардагерлер ұйымының өкілдері шаһар басшысына көкейдегі сауалдарын қойып, оған жауап берілді. Жиынның соңында қала мәслихаты кезекті сессиясының шешімі қабылданды.

Қуаныш Тыныбекұлы,
Қосшы қаласы мәслихатының баспасөз хатшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жылдың I жартыжылдық қызмет қорытындылары туралы

2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша Департамент 47 аудиторлық іс-шара жүргізді, соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 10 млрд. 077 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- 1 млрд. 832 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар;
- 6 млрд. 711 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу 1 млрд. 534 млн теңгеге.

Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтар-

дың жалпы сомасынан жалпы сомасы 1 млрд. 832 млн. теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады, оның ішінде 1 млрд.329 млн. теңге немесе 72,5% соммасында бұзушылықтар жойылды

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 38 нұсқау жолданды (бүгінгі таңда олардың 23-і орындалды).

Жолберілген бұзушылықтар үшін 26 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 290 хаттама жасалып, жалпы сомасы 24 млн теңге айыппұл салынды, бюджетке 22 млн теңге өтелді немесе 91,7%.

ЖОЛДАУ ҮНІ

БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУДЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК



Президентіміз Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бірқатар маңызды міндет жүктеді. Солардың ішінде – Қазақстанның 3 жылдың ішінде жаппай цифрлық елге айналуы, инвестиция тарту жүйелерін түбегейлі жаңғырту бойынша берген тапсырмаларын айырықша атап өткім келеді.

Алғашқысы, цифрлық елге айналу туралы бастама – қазіргі жаһанда нау дәуірінде ел игілігі жолындағы ауқымды бетбұрыс екені сөзсіз. Сандық технологиялық мүмкіндіктерді экономикамыздың барлық саласына енгізе отырып, зор жетістіктерге

жетуге болады. Бұл – ең алдымен азаматтарымыздың ақпарат алуына, құжат айналымының жылдам жүзеге асуына және т.б. қажеттіліктеріне мейілінше қолжетімділікті қамтамасыз ету деген сөз. Дегенмен бастапқы кезде әр істің артықшылығымен қатар кемшіліктері орын алуы мүмкін. Бұл – әсіресе еліміздің цифрландыру саласының техникалық базасына қатысты пайым. Сол үшін мемлекет басшысы Цифрлық даму министрлігін құруды жүзеге асыра отырып, арнайы Кодекс қабылдауды ұсынды. Яғни, барша жұмыстардың заңнамалық негізі аталған кодекс болуы тиіс. Жұмыс негізінде сандық технологиялық шараларды үйлестіруші мекемелермен бірлесе отырып атқарылмақ.

Жолдауда атап көрсетілген инвестиция тарту туралы бастамалар көп жылдан бері айтылып келе жатқаны анық. Бірақ әлемдегі геосаяси тұрақсыздық мейілінше шиеленіскен осынау сәтте батыс пен шығысты байланыстырушы рөліндегі тұрақтылық орнаған өлке ретінде еліміздің инвестициялық тартымдылығын тиімді пайдалануға баса мән берілгені – құптарлық қадам. Бұл бағытта Президент транзиттік артықшылығымызды назарға ала отырып, біршама жобаны жүзеге асыруға

шақырды. Әсіресе транскаспий көлік бағытын дамыту, мемлекетіміздің Еуразиядағы көлік хабы болуы тиіс екені жайлы атап өткені ұлттық мүдде тұрғысынан да оң бастама екені сөзсіз.

Президенттің ел Үкіметіне Ұлттық банкпен бірлесе отырып, экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына 1 миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеуді тапсырғаны іске шындап кірісу қажет екенін аңғартады. Мол инвестиция ағымы – ең алдымен өндіріс орындарының көбеюіне, әлеуметтік саланың дамуына, инфрақұрылымның жаңғыруына септігін тигізеді сөзсіз. Биылғы Жолдауда ел экономикасын дамытудың қажетті алғышарттары анық белгіленді. Ендігі кезекте Үкімет пен атқарушы органдар өзара ынтымақтаса отырып, Президент тапсырмасын тыңғылықты орындауы керек.

Динара Райханова,
Қосшы қаласы мәслихатының депутаты



Бетті дайындаған:
Даулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/DauletKali Asaurov
bi_barys01@mail.ru

ПОЭЗИЯ



Несіпбек Айтұлы – 75: ҚОСШЫДА ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ ӨТТІ

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде қалалық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл толуына арналған «Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Ақын туралы естеліктерімен Тұрсын Жұртбай, Ғалым Жайлыбай, Дархан Қыдырәлі және Алтынбек Нұхұлы бөлісіп, Несіпбек Айтұлының әдебиеттегі орны мен ұлт алдындағы еңбегін айрықша атап өтті.

«Ағамыздың тура туған күнінде осы шараны ұйымдастырып отырған Қосшы қаласының әкімдігіне, руханият ордасы – қалалық кітапханаға ризашылық білдіремін. Қосшы Астанаға қосшы болғанмен, руханиятқа басшы болып тұр қазір. Мұндағы руханият орталығында

жастарға шынымен жағдай жасалған екен... Енді Несіпбек Айтұлының мұрасын ұлықтауда Қосшы қаласынан бастау алған үлкен-үлкен іс-шаралар Астана, Алматы, Семей қалаларында, басқа да жер-жерде өтеді деп ойлаймыз», – деді сенатор Дархан Қыдырәлі.

Жыр мен әуен үндестігі

Кеш барысында жастар бірінен соң бірі ақынның өлеңдерін оқып, таңдаулы жырларын көрерменге жеткізді.

Ал Қосшы қалалық мәдениет

үйінің әншілері Несіпбек Айтұлының сөзіне жазылған «Қоңыр жел», «Сарыарқа», «Дариға дәурен», «Қазақтай ел қайда», «Ал, құрбым» әндерін нақышына келтіре орындап, кештің сәнін келтірді.

Сахна төрі Несіпбек Айтұлының рухын асқақтатып:

«Көңілі көлдей шалқыған,
Қазақтай ел қайда?

Даласы жусан аңқыған,
Өзіңдей жер қайда, Киелім?!» - дегендей әсем әуезбен бітеқайнасқан жыр шумақтарымен тербеліп тұрды.

Ақынға тағзым

Несіпбек Айтұлы – қазақ сөз өнерінің майталманы, ұлттық рухты жырларымен тірілген ақын. Әдеби кештің басты мақсаты ақын шығармашылығын дәріптеу, оны жас ұрпақ санасына сіңіру, рухына тағзым ету болды.

Шараға мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Сенат депутаты Алтынбек Нұхұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, бұрынғы Мәдениет министрі, халықаралық Түрксой ұйымының бас хатшысы (2008-2022 жж.) Дүйсен Қасейінов, жазушы, филология ғылымдарының докторы, абайтанушы, әуезовтанушы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай, ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, жазушы, заңгер Белгібай Сахариев, Халықаралық ақпарат академиясының акаде-

мигі, заңгер-журналист Сәулебек Жәмкенов, жазушы-журналист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Аупбаев, жазушы, ақын Сұраған Рахметұлы, Татарстан және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері Камиль Муллашев, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлы, сондай-ақ ақынның шәкірттері – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Арман Шеризат, ақындар Мұқият Қойшыбай мен Қайрат Құматай, ақынның қызы Айжүрек Несіпбекқызы және ұлы Қалқаман Несіпбекұлы қатысты. Ал кештің модераторы ақынның шәкірті Қабиден Қуанышбай болды.

Құрметті қонақтар лебізі

Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы сөз сөйлеп, Несіпбек Айтұлының қазақ руханиятына қосқан үлесін атап өтті. Сондай-ақ ақынның жары Манат Жүкенқызына гүл шоқтары табыс етілді.



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

САРҚЫРАМА ӨЗЕНІНІҢ «ТЫНЫСЫ КЕҢІП» ҚАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Бұл жолы кезекті тазалық жұмыстары Қосшы қаласының Сарқырама өзені маңында жүргізілді. Акция барысында өзен жағалауы тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, 35 тоннаға жуық қоқыс арнайы полигондарға шығарылды. Оған қала тұрғындары, еріктілер, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және жастар ұйымдарының өкілдері белсене қатысып, барлығы 300-ге жуық адам жұмылдырылып отыр.

«Іс-шараға азаматтық сектор өкілдері, АМАНАТ партиясы, қалалық мәслихат депутаттары, жастар-ресурстық орталығы, белсенді жастар мен еріктілер, коммуналдық мекеме

қызметкерлері мен меншік иелері бірлестігі қатысты», - деп толықтырды қала әкімдігі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар тек қаланың көркі мен тазалығын сақтауға ғана емес, тұрғындардың табиғатқа деген жанашырлығы мен өз жауапкершілігін арттыруға да септігін тигізеді. Соны түсінген қатысушылар сенбілікте қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді тәсілі деп бағалап, алдағы уақытта мұндай шаралар тұрақты түрде жалғасатынын жеткізді.

Қазір экологиялық акция аймақтың таза әрі жайлы орта қалыптастырудағы маңызды қадамдарының бірі ретінде бағаланып отыр. Әкімдік өкілдері мұндай шаралар Қосшыны таза әрі жайлы қала етуге ықпал етеді

деген сенімде. Сондықтан олар сенбілікке қатысушыларды қажетті құралдар мен қоқыс жәшіктері, қаптар, қолғаптар және т.б. керек-жарақпен толыққанды қамтамасыз еткен.

Акцияға қатысқан қалалық мәслихат депутаты Ирина Осипова барлық тұрғынды осындай жұмыстарға белсене атсалысып, табиғатты үнемі қорғап тұруға шақырды. Сондай-ақ жастар ресурстық орталығының басшысы Мөлдір Маратқызы іс-шараға волонтерлардың ерікті түрде жиналып тұратынын жеткізді.

Айта кетсек, оның алдында Қосшы қаласы бойынша «Мөлдір бұлақ» атты сенбілік те өткен болатын. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» акциясы кезінде Лесная поляна тұрғын алабы

қоқыстан тазаланды. Сол сәтте оған 10-нан аса ауыр техника жұмылдырылып, сенбілікке қатысушылар 200-ге жуық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген-ді. Оған қоса, қала ішінде «Таза бейсенбі» форматындағы акциялар да тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Күзгі науқан бұнымен шектелмек емес, әрине. Мысалы, сенбіліктер 11 қазанға дейін жалғасса, күнтізбенің келесі парағында 4 қазанға ағаш отырғызу жұмыстары жоспарланған.



Еркеғали Бейсенов,
Бас редактордың орынбасары
+7 775 205 65 84
@erkesh_beisen
erkegalibeisenov@gmail.com

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күшігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz